

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 15 шілде 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың I жартыжылдықтағы қорытындысы бойынша мұнай тасымалдау көлемін ұлғайтты

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың I жартыжылдығындағы өндірістік қорытындысын шығарды. Есепті кезеңде компанияның магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша жеке 22 млн 911 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 643 мың тоннаға артық.

«ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы бойынша мұнай тасымалдау мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеудің шоғырландырылған көлемі 2025 жылдың I жартыжылдығымен салыстырғанда 562 мың тоннаға ұлғайып, 23 млн 636 мың тоннаға жетті.

Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша 8 млн 806 мың тонна мұнай тасымалданды, оның ішінде:

- * «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС – 2 млн 766 мың тонна;
- * «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС – 2 млн 533 мың тонна;
- * «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС – 3 млн 197 мың тонна;
- * «CASPI BITUM» БК» ЖШС – 310 мың тонна.

«Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі бойынша 5 млн 95 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткішінен 42 мың тоннаға артық.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ТОН-2 мұнай құбыры учаскесі бойынша 5 млн 885 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 38 мың тоннаға артық.

«Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырына 5 млн 702 мың тонна мұнай ауыстырып тиелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 129 мың тоннаға артық.

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиелген мұнай көлемі 2 млн 524 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың I жартыжылдығындағы көрсеткіштен 725 мың тоннаға көп. Ақтау портындағы «ҚазТрансОйл» АҚ қуаты арқылы танкерлерге 1 млн 713 мың тонна мұнай құйылды, оның ішінде Баку – Тбилиси – Джейхан мұнай құбыры бағытында 704 мың тонна мұнай жөнелтілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайдың жеке жүк айналымы 17 млрд 337 млн тонна-километрді, ал мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы – 22 млрд 429 млн тонна-километрді құрады.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ компаниялар тобы бойынша мұнай, мұнай өнімдері мен газды ауыстырып тиеу көлемі 725 мың тоннаны құрады. Жүкті ауыстырып тиеудің жалпы көлемі 4 млн 008 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың I жартыжылдығындағы көрсеткіштен 324 мың тоннаға артық.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС мұнай құбырлары жүйесі бойынша 9 млн 757 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 149 мың тоннаға артық. Жүк айналымы 8 млрд 840 млн тонна-километрді құрап, 257 млн тонна-километрге ұлғайды.

«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС мұнай құбыры арқылы 3 млн 183 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 273 мың тоннаға артық. Жүк айналымы 1 млрд 316 млн тонна-километрді құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 72 млн тонна-километрге ұлғайды.

«СЗТК «МұнайТас» ЖШС мұнай құбыры арқылы 3 млн 183 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 273 мың тоннаға артық.

«Магистральды Су құбыры» ЖШС-нің «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбыры арқылы Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына 11 млн 365 мың текше метр тұщы су жеткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ тұрақты даму, өндірістік тиімділік және операциялық сенімділікті арттыру саласындағы стратегиялық бастамаларды дәйекті түрде іске асыра отырып, мұнайды сенімді тасымалдауды, Қазақстанның экспорттық бағыттарын дамытуды және компаниялар тобының тиімді жұмысын қамтамасыз етуді жалғастыруда.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ «Магистральды Су құбыры» ЖШС жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесіне ие. «Магистральды Су құбыры» ЖШС «Астрахань - Маңғышлақ» магистральдық су құбырының меншік иесі болып табылады.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ (БМТ) – «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес ұйымы (100 %). БМТ арқылы Грузиядағы өндірістік активтерге тікелей иелік ету және басқару жүзеге асырылады.

«Petrotrans Limited» (PTL) жеке шектеулі компаниясы – «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 100% еншілес ұйымы. PTL Закавказье көлік дәлізі арқылы жүктерді экспедициялау қызметін көрсетеді, Каспий өңірінен Грузия арқылы тасымалдау қызметтерін ұсынады, сондай-ақ мұнай мен мұнай өнімдерін экспедициялауға байланысты кәсіпкерлік және операциялық қызметті жүзеге асырады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (50%) мен China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd. (50%) бірлесіп құрған кәсіпорын. Компания «Кеңқияқ – Құмкөл» және «Атасу – Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырларының меншік иесі болып табылады.

«МұнайТас» СБҚК» ЖШС – «ҚазТрансОйл» АҚ (51 %) және CNPC Exploration and Development Company Ltd (49%) бірлескен кәсіпорны, «Кеңқияқ-Атырау» магистральдық мұнай құбырын жобалау, қаржыландыру, салу және пайдалану жөніндегі жобаны іске асыру мақсатында құрылған.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**